



Жалағаш

Жаршысы



№10 (9897)

4 ақпан,
сенбі
2023 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Үкімет

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен өткен арнайы үкіметтік комиссияның отырысында Алматы, Жамбыл, Атырау, Қызылорда және Түркістан облыстарының су тасқыны кезеңінен өтуге дайындығы қаралды. Үкіметтік комиссия Премьер-Министрдің өкімімен құрылған болатын. Талқылауға өңірлер әкімдіктерінің, Төтенше жағдайлар, Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Экология және табиғи ресурстар, Ақпарат және қоғамдық даму министрліктерінің өкілдері қатысты.

Өңірлердегі су тасқыны жағдайы талқыланды



Кеңес қорытындысы бойынша өңірлердің әкімдеріне барлық қажетті қызметтер мен ұйымдарды жұмылдырып, су тасқыны кезеңінен тиімді өту үшін арнайы техника мен материалдар дайындау, сондай-ақ апаттық қызметтердің іс-қимылдарын тиісті үйлестіруді ұйымдастыру тапсырылды. Сонымен қатар Экология және табиғи ресурстар министрлігі Сырдария және Іле өзендерінің арналарында тасқын суларды қауіпсіз өткізуді үйлестірумен айналысады, су қоймаларының оның ішінде Көксарай, Күрті, Бартоғай, Бестөбе, Қызылағаш, Алматы, Ащыбулақ, Ақешкі мен басқа да су қоймаларын толтырудың рұқсат етілген келімін белгілейді және оларға тиісті бақылау жүргізеді.

Айта кетейік, алдағы уақытта Сырдария өзенінде мұздықтардың іркілуді азайту үшін жарылыс жұмыстары жүргізілетін болады, ал шекаралас мемлекеттермен трансшекаралық өзендердегі су шығыны туралы тұрақты өзара ақпарат алмасу ұйымдастырылады.

Көктайғақпен күрес жұмыстары күшейтілді

Республикалық маңызы бар автожолдарда көктайғақпен күрес жұмыстары күшейтілді. Өткен екі тәулік ішінде еліміздің оңтүстік өңірлері аумағында жаңбыр мен қар түрінде жауын-шашын болып, температураның күрт ауытқуы байқалды. Осылайша өткен түнде жол бойында төтенше жағдайлардың алдын алу үшін Алматы және Жетісу облыстарындағы республикалық трассалардың 6 учаскесінде қозғалысқа шектеу енгізілді. Республикалық маңызы бар автожолдарды өңдеу үшін 1070 м3 құм-тұз қоспасы пайдаланылды.

Жол бөлігін құм-тұз қоспасымен өңдеу жұмыстары күшейтілген режимде жалғасып жатыр. Әрбір учаскеге жол-пайдалану техникасы бөлінді, жолдардың жүру бөлігі директивті нормаларға сәйкес тазартылып, өңделіп жатыр.

Бұдан басқа Түркістан облысының жолшылары Шымкент қаласынан Қызылорда облысының шекарасына дейінгі «Самара-Шымкент» автожолының учаскесін су басып, шайылып кетуіне жол бермей, жедел шаралар қабылдады. Сондай-ақ инертті материалдары бар 1200-ден астам қап төселді, су бұру жұмыстары жүргізілді. Республикалық автожолдар желісінде қысық күтіп-ұстау жұмыстарын атқаруға 477 арнайы техника мен мыңнан астам жол жұмысшысы жұмылдырылды.

«ЖЖ» ақпарат

Кеңес

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы

Қашаннан бала тәрбиесі өзінің өзектілігін жоғалтқан емес. Оған жауапты тек ана-ана мен ұстаздар емес, қоғамның да үлесі бары белгілі. Бүгінгі жас ертеңгі тұлға болса, ізімізді жалғар ұрпақтың саналы да салықалы болуына бүгіннен жұмыс жасау қоғамның жауапкершілігінде. Күнде құбылған заманда адами болмысыңды сақтау, әсіресе ұлттық менталитет пен өзіңе тән рухани құндылықтарды ұмыт қалдырмау аса маңызды. Ұрпақ тәрбиесі аясында ата-ананың баламен байланысы, әр тараптың өз міндетін жауапкершілікпен сезінуі және жастар арасындағы мәселелер мен ата-аналар жіберетін қателіктерді кеңінен талқылайтын, түсіндіретін келелі кездесулердің берері көп.



Жалпы қазақ қоғамында кешегінің ізін жалғайтын аналар, әкелер мектебі жұмыс істейді. Мектеп қабырғасында ата-аналардан құралған бұл комитеттердің жұмысы да сол бала тәрбиесіне тереңнен көңіл бөлу, бар жауапкершілікті ұстаздарға артып қоймай үлес қосу. Аудандағы Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейде әкелер одағы бірнеше жылдан бері жұмыс істеп келеді. Бұл ұрпақ тәрбиесінде таразының басын тең ұстау үшін анамен қатар әкелердің

де рөлі зор екенін білдіреді. Кез келген жерде отбасы құндылықтарына қатысты сөз қозғасақ, бала тәрбиесін айтпай кету мүмкін емес. Қазіргі таңда тәрбиенің ақсап қалатын сәттері де кездесіп жүр. Өкінішке орай осының өсерінен өрімдей балалар тағдырына ерте бастан балта шабу, тіпті өз өмірін қиюға дейін барып жатыр. Демек, бала мен ата-ананың арасындағы байланыс үзілді, қоғамда бала психологиясына кері әсер ететін фактілер көбейді немесе әлеуметтік

теңсіздік белең алды. Бұл ретте отбасы құндылықтары жайында тереңнен түсіндірілетін жиындардың маңызы зор. Алта басында облыс орталығындағы Н.Бекәжанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында облыстың білім саласы қызметкерлері мен ата-аналардың «Отбасы – тәрбие бесігі» атты бірлескен кеңесінің ұйымдастырылуы да – өзекті мәселенің алдын алудағы шаралардың бірі. Өскелең ұрпақты жан-жақты дамытып, толық

тұлғаны қалыптастыруды мақсат еткен жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы, қала, аудан әкімдері, құқық қорғау органдарының басшылары және селекторлық режимде аудандық қоғамдық кеңес өкілдері, білім саласының қызметкерлері мен ата-аналар қатысты.

2 →

Бәрекеді!



100 отбасына азық-түлік үлестірді

Ақпанның алғашқы күнінде жауған жаңбыр жұртты айтарлықтай әбігерге салды. Жауын жауа бастағаннан «жер ми балшыққа айналатын болды» деген күңкілге көштік. Ал арты аяз болса, көктайғақтың болатынына бас қатырған біріміз жоқ. Әлеуметтік желіге үңілсең, тар жолда тұйық қалған қоғамдық көліктер, қара мұзда тайып құлап, қол-аяғын зақымдап алған адамдардың көбейгені хақында ақпарат желдей еседі. Бүгін үшінші күн, әлі де жердегі мұздың суға айналар түрі жоқ. Әріптесім Рысбек Қанибай тізгіндеген көліктің де жүрісі баяу. «Сақтансақ, сақтайды» деген қанатты сөз қаперде болғаны дұрыс» деймін іштей. Базар маңы, жалпы орталықтағы адам көп жүретін жерлерде кент әкімшілігінің қызметкерлері жол ашып әлек. Жай қарасаң, олар күнделікті өзіне жүктелген міндетті атқарып жүр. Ал түптеп келгенде осы әрекеті арқылы қанша адамды апаттан аман алып қалғаны бір Құдайға аян.

Негізгі бағытымыз – кент іргесіндегі Ақсу ауылы. Бірақ мешіт маңында жыылған жұртты көзіміз шалып, сәл аялдағанды жөн санадық. Жұмаға дейін біршама уақыт бар, азанымен аудандағы ағайынның мұнда ағылуына не себеп? Имандылық үйіне енгенше осы сауалдың жауабы іштей мазалады. Есіктен енгеннен қатар-қатар орналасқан азық-түлікті көргенде түсіне қойдық. Жергілікті кәсіпкерлердің бірі Жалағаштағы жағдайы төмен отбасыларға тегін азық-түлік үлестіріп жатыр екен.

Иә, айта беретін Абай Боранқұлов, жас та болса игі істің басы-қасында жүретін азаматтың бұған дейін де талай қайырлы амалына куә болғанбыз. Қолдағы азын-аулақ қаражатпен іс бастап, бүгінде шаруасын ширатып отырған ақсулық азаматтың осыған дейін еліне қарайласқаны халықтың көз алдында.

Кәсібіне береке біткен А.Боранқұловтың қолы тарылғанын байқамадық. Керісінше тапқан табысты жұртымен бөліскенді жөн санайды. Тіпті

мұндай қайырымдылық шаралардан бөлек, спорттық шараларға да талай демеушілік жасағанына куә болғанбыз. Ал бүгін аудандағы жағдайы төмен 100 отбасына тегін азық-түлік үлестірді. Іскер азамат бұл мақсатқа 2,5 млн теңге қаражат жұмсаған.

Имандылық үйіндегі игі шарада алдымен ауданның бас имамы Айбек Мәдиев қайырымдылық жасап жатқан кәсіпкерге алғыс білдіріп, «сауапты амал жасаушылар қатары артың» деген ізгі тілегін жеткізді.

– Жалпы ауданда жағдайы төмен отбасыларға қарайласып, оларға тегін азық-түлік таратып, жәрдем берушілер қатарының көбейгеніне қуанамыз. Олардың ішінде Абай бауырымыздың орны бөлек, «Ол тіпті мұндай игі істі ұйымдастыруды дестүрге айналдырды» десек те болады. Бүгін осы қайырымдылық шарасы жалғасын тауып жатыр. Оған себепкер болған азаматтардың отбасына амандық, кәсібіне береке берсін, – деді Айбек Мәдиев.

«AB AGRO ORDA» – ауыл шаруашылығы саласында өзіндік қолтаңбасы бар іргелі серіктестіктердің бірі. Сыр салысын күтіп-баптауда табысқа көнелген бұл ұжым бүгінде мал шаруашылығында да өз ісін ерістетіп, кәсібінің көккіегін кеңейткен. Серіктестік жылына 1000 гектар алқапқа Сыр салысын сөуіп, күзгі науқанда қамбаны астыққа толтырады. Мұндағы диқандардың, жалпы еңбек ұжымының шабытпен шаруаны ширататындай реті бар. Себебі серіктестік құрылтайшысы Абай Боранқұлов оларға жалақыдан бөлек, сабантойда сыйақы үлестіреді екен.

Былыр еңбек ұжымы күршітпін әр гектарынан 62 центнерден орташа өнім жиган. Ал диқандардың алды ер гектардан 80 центнерге жуық өнім алған. Әрқайсысының еңбек өнімділігіне сай тиісті қаржылай сыйақысы болады. Былтырдың өзінде серіктестік ұжымына 40 млн теңге қаржылай сыйақы үлестірілген. Абай Боранқұлов бүгінде 70 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Кәсіпкер бір жағынан ауданда бақша дақылдары бағасының шарықтамауына өз үлесін қосып отыр. Былтыр кент іргесінен 10 гектар жер ашып, аудан тұрғындарының бақша салып, қыстық азығын қамдауына жағдай жасаған. Серіктестік директоры Қанат Ниетқұлов бұл бағыттағы жұмыстар биыл да жалғасын табатынын айтты.

– Бүгін құрылтайшымыз Абай Боранқұловтың демеушілігімен 100 отбасына азық-түлік үлестіріп жатырмыз. Жомарттық қанында бар қазақпыз ғой, сондықтан қайырымдылық жасауды біз өсте естен шығарған емеспіз. Спорттық шараларға да демеушілік еттік, халыққа тегін жер ашып бердік, жағдайы төмен отбасыларға азық-түлік таратып жатырмыз. Одан біздің несіміз ортабай қалмайды, керісінше кәсіміз алға басып, елдің алғысын аламыз. Ал халықтың алғысын алған адамның жаман болғанын көргеніміз жоқ. Серіктестік құрылтайшысының да ұстанымы осы. Келер жылы да жылдағы мейелеген жерге күрші өгеіміз. Алдағы науқанда былтырғыдан жоғары өнім алуды мақсат етіп отырмыз, – дейді серіктестік директоры.

Иә, елдің алғысын алғанның жаман болғанын өзгерте біз де көрген емеспіз, көрсетпесін де. Әрбір қолға алған жобасының жемісті болғанын халықтың алғысымен байланыстыратын азаматтар барда шаруа да ширайды, береке де болады. Бүгін де соған көз жеткіздік.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Прокурор Сүлейменовтің ісі немен бітті?

II дүниежүзілік соғыс кезінде Жалағаш ауданының прокуроры Сүлейменовтің ісі тек ауданға ғана емес, республикаға әйгілі болып, шырмауықтанған бұл істің шимайын шешу үшін үш рет арнайы комиссия жасақталады. Қызылорда облысының мемлекеттік архиві қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалындағы архивтік деректерге сүйенсек, Жалағаш ауданының прокуроры Сүлейменовке қарсы осы ауданның милиция бөлімі мен аудандық НКВД, НКГБ бөлімдері топтасып, жалған айыптаулар ұйымдастырады. Бүкіл ауданды ашса алақанында, жұмса жудырығында ұстауды көздеген ұйымдасқан бұл топтың негізгі мақсаты шыншыл прокурорды лауазымынан шеттетіп қана қоймай, үстінен қылмыстық іс қозғап, соттатып жіберуді көздеген. Қызмет бабын асыра пайдалана іс-әрекет жасаған бұл топтың тірлігі бірнеше жылға созылған.



«Қызылорда облыстық комитетінің хатшысы жолдас Төлебаевқа»

Баяндамалық жазба

Біз, төменде қол қойған комиссия мүшелері: Қызылорда облыстық КП(б)К-ның сот-прокурорлық органдары мен НКВД секторының меңгерушісі Соловьев, Қызылорда облысының прокуроры Ворожеев, Қызылорда облыстық НКВД басқармасының жедел уәкілі, мемлекеттік қауіпсіздік кіші лейтенанты Лян және Жалағаш аудандық КП(б)К-ның кадрлар жөніндегі хатшысы Аманбаевтар болып осы баяндамалық жазбаны құрастырып, 1943 жылдың 10-12 тамыз күндері аралығында Қызылорда облысы бойынша НКВД басқармасының 1943 жылғы 1 шілдедегі №5691 арнайы хатында баяндалған фактілерді тексерсе келе, «Қылмыстық элементтермен байланыс, өзінің қызметтік жағдайын асыра пайдалану және Қызыл Армия дезертирлеріне жәрдем бергені туралы Жалағаш ауданының прокуроры Сүлейменов» ісіне қатысты төмендегі жайттар анықталды:

Арнайы жазбаның басында баяндалған 1940 жылға қатысты фактілер шындыққа жанаспайды және осы тексеру барысында анықталғанындай, бұл арнайы жазба Жалағаш аудандық НКВД бөлімінің бұрынғы бастығы Сухоруковтың және қазіргі Жалағаш аудандық НКВД бөлімінің бастығы болып қызмет атқаратын Абдуллин мен аудандық НКГБ бөлімінің бастығы Шомановтардың 1940 жылға қатысты және осы күндерге дейінгі фактілерді қасақана бұрмалаған арнайы хабарламалар негізінде жасалған.

Облыстық партия комитетінен төмендегідей комиссия өкілдері жіберілді. Қызылорда облыстық КП(б)К атынан Соловьев, облыстық прокуратурадан Ворожеев жолдас, облыстық НКВД Басқармасынан Холмецкий мен Файрузов жолдас.

Мүқият тексеру нәтижесінде Жалағаш ауданының прокуроры Сүлейменовтің қылмыстық элементтермен байланысы және қызмет бабын теріс пайдалану фактілері расталмады, ал аудандық милиция мен аудандық прокуратура арасындағы суық қарым-қатынастардың басталуы 1940 жылдың мамыр айында, аудандық милиция бастығы міндетін уақытша атқарушы Құлмаханов жолдастың кезінде орын алған.

Сол кездегі Жалағаш аудандық прокуратура мен аудандық милиция арасындағы түсінбестілік қарым-қатынастардың негізгі себептері аудан прокуроры Сүлейменовтің өте қарапайым және заңды талаптарынан туындаған, яғни тергеу сапасын жақсарту мақсатында қылмыстық, әкімшілік істердің милицияға қосымша тергеуге қайтаруы, уақытша қамау изоляторындағы кемшіліктерге ескертулер және т.б.

Керек десеңіз, аудандық милиция бөлімінің бұрынғы бастығы Молдабаев өзінің аппаратына аудан прокурорынан іс-қағаздар және т.б. қызметтік кіріс-шығыс істерді қабылдауға тыйым салғанға дейін жеткен. Аудан прокурорының тергеу кемшіліктері туралы сөйлеп занды нұсқалары мен кәсіби жөнді ескертулерінің барлығына да аудандық милиция қызметкерлері, әсіресе жедел уәкілдер Молдабаев пен Юсупов және аудандық милиция бөлімінің бастығы Құлмахановтар салғырттық танытып, аудан прокурорын пысықырмай, оған қарсы жала жабу материалдарын жасауға топтасып, ұйымдаса кіріскен.

Облыстық НКВД Басқармасы өзінің облыстық КП(б)К-ның атына жөнелткен арнайы жазбасында тексеру барысында расталмаған 1940 жылғы фактілерге сілтеме жасамауы керек еді.

Жалағаш ауданының прокуроры Сүлейменов жолдастың қызметіне қатысты қазіргі уақытта Облыстық НКВД басқармасы «Сүлейменов өзіне прокурорлық қадағалау тәртібімен жіберілетін істерде, Отанын сақтаңдарға тікелей және жанама түрінде көмектесіп, Қызыл Армия дезертирлерін заңды қамауға алу санкциясын беруде бастару және оларға қатысты тергеу істерін тоқтату арқылы да жәрдемдесіп жүр» деп жазды.

Мұны растау үшін Облыстық НКВД басқармасы келесі фактілерді келтіреді: (көптеген жалған шағымдардың ішінде болшақ Кеңес Одағының Батыры Т.Көмекбаевқа қатысты іс төменде. Ш.М.А.) Облыстық НКВД Басқармасы

Сүлейменовке тағылған айыптың келесі тармақтары: 1943 жылдың 23-ші мамыр күні Жалағаш аудандық НКВД бөлімі Қызылқұл шекарасындағы алыс бөлімшесінде Қызыл Армия қатарынан қашқан деген күдіктен әскери қызметші Көмекбаев Тәйімбет ұсталған Жауап алу кезінде ол демалысқа Пятигорск қаласынан жалған құжаттармен келген, автокөлік іздестіріп, отбасына келе жатқан жолында ерекше бөлім қызметімен ұсталып, «Наған» системалы револьвері алынған және Жалағаш аудандық НКВД бөлімінің Көмекбаевты тұтқындауға санкция беру туралы өтінішіне Жалағаш ауданының прокуроры Сүлейменов қандай себептермен екені белгісіз санкция беруден үзілді-кесілді бас тартқан.

Сүлейменов бұл мәселенің мән-жайын білмейтіндігі, ол Көмекбаевтың өзін де, оған қатысты істі де көрмеген, өйткені оған ешкім қамауға санкция алу үшін келмеген. Бірде Шоманов пен Сүлейменов арасында телефон арқылы мынадай өңгіме өрбіген.

Шомановтың айтуынша, ол колхозда іс-сапарда жүрген кезінде Жалағаш аудандық комитетінің хатшысы Мамықовпен бірге әскери бөлімнен дезертирлік жасаған Қызыл Армия командирін ұстап, оны тұтқындауға санкция беруді сұраған.

Бірақ ұсталған әскери аудан орталығына әлі жеткізілмегендіктен және күдіктіден жауап алынбағандықтан ол Шомановқа заңды түрде материал рәсімдеуге кеңес берген. Содан кейін аталған мәселені облыстық прокурормен ақылдасып кеңесетінін айтқан. Себебі қызмет тәжірибесінде бұрын-соңды Қызыл Армия командирлерін қамауға санкция беру туралы мәселе кездеспегенін түсіндірген.

Бұл істің қалай аяқталғанын Сүлейменов білмейтінін білдірген, өйткені Шоманов жолдас бұл іс бойынша оған екінші қайтара жүгінбеген.

Шоманов бұл іске қатысты Сүлейменовтен санкция алуға, қазіргі уақытта Шиели ауданында жұмыс істеп жүрген жедел уәкіл Филатовты жібергенін түсіндіреді.

Аталған баяндалған материалдардан түетініміз, Сүлейменовке қарсы қандай да бір айып тағуға негіз жоқ деп білеміз. Жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде біз Жалағаш аудандық НКВД-ның бұрынғы бастығы Сухоруков және осы күнгі аудандық НКВД бастығы Абдуллин мен аудандық НКГБ бастығы Шомановтар тарапынан аудан прокуроры Сүлейменовке қатысты негізсіз тергеу қарым-қатынас қалыптасқаны туралы қорытындыға келеміз.

Бұндай келеңсіз қатынастардың негізгі себептері, осы тұлғалардың аудан прокурорының кеңес заңдарын сақтау, тергеу сапасын жақсарту және т.б. секілді заңды талаптарын орындағысы келмеуінен туындаған.

Жалағаш аудандық НКВД және НКГБ қызметкерлері аудан прокурорының оларға жасаған барлық ескертулері мен тергеу кемшіліктерін аса құлықсыздықпен қабылдап отырған.

Бұл ретте аудандық НКВД және НКГБ қызметкерлері тарапынан аудан прокурорының заңды талаптары мен құқықтарын елеулі аудан прокурорының ғана емес, сонымен қатар облыс прокурорының да заңды талаптарын орындамау фактілері орын алып отыр. Бұған дәлел 1943 жылдың ақпан айында аудандық НКВД бөлімінің бастығы Сухоруков жолдас аудан прокурорының 10.II.1943 жылғы, айыпталушы Бейрбаевқа қатысты шара қолдану ісін өзгерту туралы берген бұйрығын орындамады.

Осы жылдың маусым айында аудандық НКВД бөлімінің бастығы Абдуллин облыс прокурорының 21.YI.1943 жылғы, Қылмыстық кодекстің 109 бабы бойынша айыпталған Өтепбергеновқа қатысты бұлтартпау шарасын өзгерту туралы бұйрығын орындамады.

Аудандық НКВД бөлімінің бастығы, әсіресе аудандық НКГБ бөлімінің бастығы Шоманов аудан прокурорының көз келген заңды іс-әрекеттерін күдіктен қабылдайды, яғни белгілі бір істі жүргізуді тоқтату, істерді тергеуге қайтару, айыпталушының бұлтартпау шарасын өзгерту, материалдары жеткіліксіз болған жағдайда қамауға алуға санкция беру және т.б.

Сонымен Сухоруков, Шоманов және Абдуллиндердің баяндамалары негізінде облыстық НКВД басқармасы облыстық КП(б)К мен облыс прокуроры, сондай-ақ ҚССР НКВД атына жолдаған арнайы жазба негізінде Жалағаш ауданының прокуроры Сүлейменовке тағылған келесі айыптар: партия жолының бағытынан ауып кеткен саясат жүргізу, қылмыстық элементтерге қамқорлық жасау және қорғау, революция заңдылықтарын бұзу, Отан сатқындарын қолдау және ықпал ету, РККА-ның дезертирлерін заңды түрде қамауға алу санкциясын беруден бас тарту, оларды қамауға алуға қатысты аяқталған тергеу істерін тоқтату және прокурорлық бақылау ретінде оған жіберілетін басқа да бірқатар факторлар тексеру барысында расталмады.

Облыстық НКВД басқармасының Жалағаш аудандық НКВД бөлімінен келіп түсетін арнайы хабарламаларға деген нұмқурайлы қарауын да айта кеткеніміз жөн «Ауыр қылмыс жасады» деген айыппен арнайы жалған хабарламалар жасағаны және аудан прокуроры Сүлейменовке қарсы жасанды дәлелдер ұйымдастырғаны үшін аудандық НКВД бөлімінің бастығы Сухоруков пен аудандық НКГБ бөлімінің бастығы Шомановтар атқарып жүрген қызметтерінен босатылып, партия қатарынан шығарылды. Олар қылмыстық жауапкершілікке тарту секілді қатаң жазаларға лайық. Аудандық НКВД бөлімінің бастығы Абдуллинді қатаң партиялық жауапкершілікке тарту қажет.

Комиссия мүшелері: Соловьев, Ворожеев, Лян, Аманбаев».

Архивтік деректерден байқағанымыздай, Жалағаш ауданының прокуроры Сүлейменов аудандық НКГБ бастығы Шомановқа Қызыл Армия командирі Тәйімбет Көмекбаевты қамауға алу жөніндегі санкция беруден үзілді-кесілді бас тарттады. Себебі Шоманов Т.Көмекбаевтың жалған құжатпен жүргені жөнінде дәлел келтірмеген. Сондай-ақ ұсталған әскери қызметшіні аудан орталығына жеткізіп, бұл жөнінде қажетті заңдылықтарға сүйене күдіктіден ресми түрде жауап алынбағандықтан аудандық НКГБ бастығы Шомановқа бұл мәселеге қатысты заңды түрде материал рәсімдеуге шақырған.

Кеңес Одағының Батыры атағын алған Тәйімбет Көмекбаевтың есімі Сыр бойына ғана емес, бүкіл Қазақстан мен КСРО-ға белгілі. Ал осы бағатымен КСРО-ға жалаудан аман алып қалған Сүлейменовті аудан, облыс жұртшылығы біле бермейді. Оқырман қауымға Сүлейменов және оған қарсы ұйымдасқан орган қызметкерлерімен танысып өткеніміз жөн.

Сүлейменов ісін тексеру нәтижесі бойынша Қызылорда облыстық КП(б)К-ның өкімінен Жалағаш аудандық милиция бөлімінің бастығы Құлмаханов атқарып жүрген қызметінен босатылғанымен одан кейінгі тағдыры белгісіз.

НКВД қызметкері Филатов Александр Васильевич 1915 жылы Ресейдің Қуйбышев өлкесі, Всковск ауданы, Средовка селосында дүниеге келген. Ұлты орыс. Шыққан тегі шаруа. Білімі орта. Арнайы шені мемлекеттік қауіпсіздігінің кіші лейтенанты. 1941 жылдан ВКП(б) мүшесі. 15.II.1942 жылдан 1943 жылдың маусым айына дейін Жалағаш аудандық НКВД бөлімінде жедел уәкіл 1943 жылдың маусым айында Шиели аудандық НКВД бөлімінің бастығы болып тағайындалған. Сүлейменов ісінен соң ВКП(б) қатарынан шығарылып, қызметінен босатылады да қамауға алынып, үстінен қылмыстық іс қозғалады. Нәтижесінде офицерлік шенінен айырылып, 1943 жылдың қазан айында Қармақшы аудандық әскери комиссариаты арқылы соғысқа жөнелтіледі. Соңғы рет 1943 жылдың қараша айында Тула қаласынан Жалағаш станциясында тұрып жатқан әйелі Филатова (Кирлюк) Проскофия Ивановнаға телеграмма салған. 21.III.1944 жылы 44 гвардиялық атқыштар дивизиясының 258 айып ротасы құрамында жазасын өтеп жүріп, ауыр жарақаттан қайтыс болған. Белорусияның Полесск облысы Доманович ауданы Кобыльщина деревнясында жерленген.

Сухоруков Исмаил Хасановты 03.IV.1913 жылы Қармақшы ауданы Жосалы станциясында дүниеге келген.

Туыстары Дағыстан астанасы Махачкала қаласында және Жосалы станциясында тұрған. 1940 жылдан ВКП(б) мүшесі. Білімі аяқталмаған жоғары. Арнайы шені мемлекеттік қауіпсіздігінің кіші лейтенанты. 01.I.1942-01.IY.1943 жылдар аралығында Жалағаш аудандық НКВД бөлімінің бастығы қызметін атқарған. Осы істен соң атқарып жүрген қызметтерінен босатылып, партия қатарынан шығарылады да қамауға алынып, қылмыстық жауапкершілікке тартылған. 1943 жылдың қазан айында Қармақшы аудандық әскери комиссариаты арқылы соғысқа аттандырылады. Құжаты толық ашылмағандықтан қандай әскери бөлімдерде, қандай лауазымда қызмет еткені белгісіз. Елге аман-есен капитан шенінде оралып, 16.YIII.1952 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі тағдыры белгісіз.

Шоманов Ғалымбек 1912 жылы қазіргі Жетісу облысының Шұбар ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Кедей отбасынан шыққан. Білімі жоғары. 1939 жылдан ВКП(б) мүшесі. Арнайы шені мемлекеттік қауіпсіздігінің аға лейтенанты. 1933-1937 жылдары Алматы қаласындағы ВЦИК жанындағы Кеңес құрылысы институтын бітірген. 1937-1938 жылдары Алматы қаласындағы өлкелік НКВД мектебін бітірген. 1943 жылдың сәуір-қараша айларында Жалағаш аудандық НКГБ бөлімінің бастығы қызметін атқарған. Бұл іске қатысты Шоманов атқарып жүрген қызметтерінен босатылып, партия қатарынан шығарылады. Қамауға алынып, үстінен қылмыстық іс қозғалады. 1943 жылдың қараша айында соғысқа аттандырылып, аса қажет маман ретінде Мемлекеттік Қауіпсіздікте аға лейтенант шенінде қызмет еткені анықталды. Құжаты толық ашылмағандықтан «Ерлігі үшін» медалін қай кезде алғаны және елге оралғанын кейінгі тағдыры белгісіз.

Абдуллин Әбдірахым 1909 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы қаласында дүниеге келген. Ұлты қазақ. 1940 жылдан ВКП(б) мүшесі. Білімі арнаулы орта. Қазақ педагогикалық техникумын бітірген. 1942 жылдан бастап милиция органдарында қызмет еткен. Арнайы шені милиция аға лейтенанты. 1942-1945 жылдары аралығында Жалағаш аудандық НКВД бөлімі бастығының милиция жөнінде орынбасары болып қызмет атқарған. 1944 жылдың ақпан айында шешен-ингуш халқының ауданымызға күштеп қоныстандырылуына байланысты аудандық спецкомендатуралық коменданты болып тағайындалады. Сүлейменов ісіне қатысты, аудандық НКВД бөлімінің бастығы Абдуллин қатаң партиялық жауапкершілікке тартылғанымен өз қызметін сақтап қалған. Соғыстан кейінгі тағдыры белгісіз. Енді басты кейіпкеріміз Сүлейменовтың 11.III.1948 жылы өз қолымен жазған өмірбаянына тоқталсақ...

Төлен Сүлейменов (архивтік құжаттарда Төлен және Төлген деп көрсетілген. Ш.М.А.) 21.XII.1914 жылы Жаңақорған ауданы Төменарық ауылдық кеңесінде шаруа отбасында дүниеге келген. 1926-1930 жылдары Төменарық мектебінде оқыған. Әкесі Сүлеймен Қарсақбаев 1930 жылы қайтыс болған.

Ол 1930-1931 жылдары Түркістан қаласындағы Төмирқол мектебінде ФЗО-де оқыған. 1931-1934 жылдары Төменарық ауылдық кеңесінің Горняк совхозында есепші және дүкен, асхана меңгерушісі болып қызмет еткен. 1934-1936 жылдары Жаңақорған аудандық милициясында уәкілдік инспектор болды. 1935-1936 жылдары Төменарық ауылдық кеңесінің хатшысы қызметін атқарды. Ал X.1936-X.1938 жылдары Қызыл Армия қатарындағы әскери борышын Ортазия Әскери Округіне қарасты Түркіменстанның Керкі қаласында кіші саяси жетекші, бөлімше командирі болып қызмет етті. 10.YIII.1939 жылдан партия мүшесі. 01.XI.1938-01.I.1940 жылдары Жаңақорған аудандық прокуратурасында халық тергеушісі болып қызмет еткен. Сонымен қатар 1939 жылы Алматы қаласындағы 3 айлық Заң курсына бітіріп, 01.I.1940 жылдан бастап Жалағаш ауданының прокуроры болып қызмет істеп, 1941 жылы 1 наурызда КСРО Прокурорының Конституцияның №116 бабымен осы ауданың прокуроры болып 5 жыл мерзімге бекітіліп, бұл қызметті 10.III.1946 жылға дейін атқарған.

Төлен 10.III.1946 жылдан бастап Төреөзек ауданының прокуроры болып қызмет атқарды. 1946 жылдың тамыз айынан бастап 01.II.1947 жылға дейін Мәскеу қаласындағы Прокурорлық Союз жанындағы 6 айлық Заң курсына бітіреді. 1945 жылдың 26 наурыз күні КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының №220/418 Жарлығымен социалистік зандылықты сақтап, прокуратурадағы қызметі үшін «Құрмет белгісі» орденімен және 10.I.1946 жылы Жалағаш аудандық Кеңесі арқылы «1941-1945 жылдардағы Отан соғысында ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталады. Юстиция лейтенанты Төлен Сүлейменовтің 19-шы қараша 1956 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі тағдыры біздерге белгісіз.

Сонымен үш жылдан астам уақытқа созылған Сүлейменов ісіне қатысты тексеру нәтижесі бойынша Қызылорда облыстық КП(б)К-ның өкімінен ол кісі толық ақталады. Бұған қарсы жалған айып тағушылар қатаң түрде өз жазасын алып, одан кейінгі тағдыры қалай өрбігенін жоғарыда атап өттік.

Отаны мен өз қызметіне адал азамат Төлен Сүлейменовтің септігімен Тәйімбет Көмекбаев қайтадан әскери бөлімне оралып, 1945 жылдың қаңтар-ақпан айларында жасаған ерлігі үшін «Кеңес Одағының Батыры» атанады.

Марат ШӨМЕКЕЙ, аудандық музейдің ғылыми қызметкері

